

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ӨЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

5220100 – қазақ филологиясы бакалавр бағдары бітірушісі

Аманжолов Мұхтардың

БІТІРУ-МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Жұмыстың тақырыбы:

«Шәкәрімнің қоғамдық-саяси лирикасы»

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Қайыржан Аралбаев.

Нөкіс-2015

Түркі филологиясы кафедрасының 2015-жыл _____ майдағы
мәжілістің _____ санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі: _____ Г.Адилова.

Ғылыми жетекші: _____ ф.ғ.к. Қ.Аралбаев

Қарақұлова Алтынайдың «Шәкәрімнің қоғамдық-саяси
лирикасы» деген тақырыптағы бітіру-мамандық жұмысына
мемлекеттік аттестация комиссиясы қаулысымен «_____» бағасы
қойылсын.

МАК бастығы:

МАК мүшелері:

МАК хаткері:

Жұмыстың тақырыбы – **«Шәкәрімнің саяси-қоғамдық лирикасы»**

Жоспар:

I. Кіріспе.

II. Бірінші бөлім. Шәкәрімнің өмірі. Қоғамдық, ақындық қызметі.

III. Екінші бөлім.

Шәкәрімнің азаматтық лирикасы.

IV. Қорытынды.

К і р і с п е

Құдайберді баласы Шәкәрім,
Көп оқуы болмаса да туысы кәміл.
Жазған шежіре, жайған үлгі арқасында
Ертеден бұл алашқа аты мәлім ...

Бұл қазақтан мақсұты биік, алыс,
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.
«Қазақ» деп, жекелеме «адамзат» де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.
(Сұлтанмахмұт)

Біздің күн сәулетті Өзбекстан Республикасында күн сайын болып жатқан түбірлі де түбегейлі өзгерістер: барлық салаларда, экономикада, ғылымда, мәдениетте, еліміздің ішкі және сыртқы саясатында, өзге мемлекеттермен қарым-қатынаста болсын өзінің оң нәтижесін беріп отыр. Осындай жақсы өзгерістер, нәтижелі жаңалықтар әсіресе, халыққа білім беру саласында айқын көрінбекте.

Өзбекстанда жасаушы қазақ халқының да өз мәдениеті мен әдебиетін. тілі мен тарихын, өнері мен өнегелі салт-дәстүрін дамытуға толық мүмкіншілік жаратылып отыр. Оның айқын бір мысалы қазақ тілінде оқытатын мектептер мен орта және жоғары дәрежелі оқу орындарының жүйелі түрде жұмыс істеуі. Жастарды, жалпы халқымызды демократиялық қадырияттар негізінде тәрбиелеуде, бәрінен бұрын әдебиет ерекше қызмет атқарады.

Өзбекстан Республикасы Президенті И.А.Каримов: «Инсанды, оның рухый дүниясын ашатуғын және бір құдыретли құрал бар, ол да болса сөздің құдырети, қөркем әлебият болып табылады. Әдебиятты инсан таныушылық деп, шайыр хәм жазыушыларымызды болса, инсан рухының инженерлери деп тәриплеуимиз бийкарға емес. әлбетте. Халқымыз арасынан мине усы оғада машақатлы тарауға путкил өмири хәм теңсиз талантын,

бағышлап, әдебиятымыздың ғазийнесинен ылайықлы орын ийелеген, өлмес шығармалар дөреткен ұллы сөз ұсталары – олардың хәммесиниң атын атап өтиу әлбетте, көп уақытты талап еткен болар еди – жетилисип шыққаны менен бәршемиз хақылы түрде мақтанамыз»¹,- деп көрсеткен еди өзиниң «Жоқары маънауият – жеңилмес күш» атты еңбегінде..

Жас ұрпақты қоғамымыздың ең белсенді, патриот азаматы етіп тәрбиелеуде, оларды жоғарғы білімді адам ғана емес, жоғары дәрежелі азамат етіп жетілдіруде өзге пәндермен бір қатарда әдебиет пәнінің де роліне, ықпал күшіне бізде үлкен мән беріліп отыр. Соған сәйкес, әдебиетті оқыту әдістемелері де жаңарып, ғылым жетіскендіктерінен тиімді пайдаланып өтілуі қажет екендігі күн сайын сезілмекте.

Президентіміз И.А.Каримов – жастардың тәлімі мен тәрбиесіне үнемі көңіл бөліп, қамқорлық жасап отыруы – мұның айқын айғағы деуге болады.

Президентіміздің 2009-жылы жарияланған «Юксак маънавият – енгилмас куч» атты бағдарламалық еңбегі халқымызды тағы да ілгері дамуға, өзінің кім екенін танып білуге үйрететін құрал болып табылады. Бұл еңбекте маънавияттың (руханият) ролі мен маңызына үлкен мән беріліп қоймастан, биік руханияттың не екендігі, оған бізді жеткізетін құралдар, оның жолдары да айқын белгіленіп берілген. Соның бірі - әдебиет делінген бұл еңбекте. «Инсонни, унинг маъновий оламини кашф этадиган яна бир қудратли восита бор ки, у хам булса суз санъати, бадий адабиётдир. Адабиёт инсоншунослик деб, шоир ва ёзувчиларни эса инсон рухининг мухандислори деб таърифланиши бежиз эмас албатта»²,- деп көрсетілуі көркем әдебиеттің біздің қоғамымызда қаншалықты маңызға ие екендігін тағы бір мәрте дәлелдеп бере алады.

¹ И.А.Каримов. Юксак маънавият – енгилмас куч. Тошкент. 2008. 136 б.

² Сонда... 148 б

Міне, осындай кезінде де, кейін де, тіпті сан ғасырлар өтсе де өзінің мәңгі жасайтын өлмес туындылары арқылы халқымыздың азаматтық тарихынан ойып орын алатын тұлға, ұлы Абайдың шәкірті әрі інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы болып табылады.

«Бұл туралы профессор Ханғали Сүйіншәлиев былай деп баға береді: «Шәкәрім терең ойға құрылған, күмістей жарқын жырлар жазуды мақсат тұтқан. Өлең сөздері мыс араласпаған таза күмістей, тереңнен толғап, жүрек сырын шертерліктей болуын көздейді. Кейде ол Абай шығарған өлең өлшемдерін, шумақ түрлерін, ұйқастарын қолданып жырлайды»³.-дейді.

Шәкәрім Абай ұстаз тұтқан орыс ақындарын қазақ тіліне аударған, ұлы орыс жазушысы Лев Толстоймен хат жазысып тұрған. Кейбір мәліметтерде Толстойды іздеп барып жолыққан делінеді. Бұл да шындыққа сәйкес. Өйткені, екі рет Мекеге қажылыққа барған Шәкәрім тиіп тұрған Россияны араламауы мүмкін емес. Атақты жазушы және шәкерімтанушы – Мұхтар Мағауиннің дәлелдеуінше Шәкәрім қажыға барған сапарында Стамбулда, Париж қалаларында да болғандығын көрсетеді. XIX ғасырдың аяқ кезінде Омбыда шығып тұрған « Дала уалаяты» газетіне де бірқатар өлеңдерін, мақалаларын жариялаған. Әсіресе, Орынбор қаласында 1913 жылдан бастап, 1918-жылға дейін үзбей шығып тұрған, Ахмет Байтұрсынов редактор болған «Қазақ» газеті Шәкәрімді халыққа кеңінен танытуда үлкен қызмет атқарған. Семей қаласында «Жәрдем» деп аталатын баспада Шәкәрімнің біраз кітаптары жарияланған. Оның « Қалқаман-Мамыр», «Әділ-Мария», «Еңлік-Кебек» т.б. жинақтары осы баспада кітап болып басылып, халыққа тараған. Сондай-ақ «Қазақ хандары шежіресі», «Мұсылмандық шарты» т.б. бірқатар философиялық-діни кітаптары да кезінде халыққа кең мәшһүр болған.

Белгілі ғалым, атақты жазушы Мұхтар Мағауиннің: «Арнайы оқу орнын бітірмесе де Шәкәрім өз бетінше өте көп ізденді. Солайша, сол

замандағы қазақ арасындағы, қазақ қана емес, - бүкіл Түркістан өлкесінегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады⁴», -деуі толық ақиқат.

Біздің жұмысымызда негізінен Шәкәрімнің қазақ тұрмысы мен тарихына қатысты тақырыптарға жазылған азаматтық лирикасы былайша айтқанда ақын поэзиясындағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік тақырыптарға жазылған өлеңдері объекті етіп алынды. Әрине, бұлардың да бәрін бір топқа қоса алмаймыз.

Әсіресе, ақынның мысал өлеңдері мен азаматтық лирикасын, қазақ тарихына қатысты поэмаларын қазіргі оқырмандарға түсіндіру жұмысы немесе әдістемелік жақтары әліге дейін жеткілікті дәрежеде жасалып шықты дей алмаймыз. Бұл да келешекте өз зерттеушілерін күтіп тұрған актуаль тақырыптардың бірі.

Жұмысымыздың негізгі тақырыбы «Шәкәрім поэзиясындағы азаматтық әуен» деп аталады. Мұнда біз алдымен ақынның азаматтық яғни қоғамдық-әлеуметтік тақырыптағы лирикалық туындыларын олардың идеялық көркемдігін талдауды мақсат еттік.

Бітіру жұмысы үлкен түбегейлі де терең зерттеу жүргізуге жауап бере бермейді. Оның үстіне Шәкәрімнің шығармалары бойынша зерттеу еңбектері де көптеп жарық көруде. Қазір шәкәрімтану ғылымы туып, толығып қалыптасып келеді. Бұл жөнінде бірнеше кітаптан тұратын «Шәкәрімтану мәселелері» атты жинақ жарияланып жатыр.

Мамандық жұмысының құрылысына келетін болсақ, бұл жұмыс кіріспе және қорытынды бөлімдерден басқа екі тараудан тұрады.

Жұмыстың бірінші бөлімі «Шәкәрімнің өмірі мен қоғамдық, ақындық қызметіне» арналады. Мұнда ақын шығармашылығының жалпыға танымал мәселелері, шәкәрімтанудағы жасалып жатқан игілікті істер, ақын шығармаларының жариялануы сияқты мәселелер қамтылады.

Екінші тарауда ақынның поэзиялық туындалары, әсіресе лирикасы бойынша тек қана азаматтық немесе саяси-әлеуметтік мәселелерді танытатын

⁴ Шәкәрім. Шығармалары. Алматы, 1989. 7 б.

шығармаларын талдауды мақсат еттік. Шәкәрімді тек өнерді күйттеген ақын ғана емес, кезінде кең танылған, қоғамдық, философиялық пікірлер айтқан данышпан, ойшыл ретінде де танып жатырмыз. Бұл бөлімде осыған орай, оның шығармашылығындағы азаматтық пікірлеріне, олардың танымдық, тәрбиелік жақтарына баса көңіл аударуды көздедік.

Шәкәрімтану қазіргі кезде «Абайтану», «Жамбылтану» сияқты дербес ғылымға айналып отыр. Оны ғылымның әр саласы бойынша зерттеушілері де табылуда. Соның – бірі Шәкәрім шығармашылығын, оның қоғамдық-әлеуметтік көзқарастарын таныту мәселесі болмақ. Бұған сәйкес біз мамандық жұмысымызда ақынның артына қалдырған жауһарларынан, асыл мұрасынан тек бір ғана тақырыпты, азаматтық позициясын айқындайтын өлеңдерін алып отырмыз. Біздің мамандық жұмысымыз да осы бағыттың бір элементіне арналып отыр

Сондай-ақ жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттердің тізімдері беріледі.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ШӘКӘРІМНІҢ ӨМІРІ, ҚОҒАМДЫҚ, АҚЫНДЫҚ ҚЫЗМЕТІ.

Жарты ғасырдан астам еріксіз үзілістен соң халық алдына қайта шыққан ұлы тұлғаларымыздың бірі Шәкәрімнің қазақ халқының рухани мәдениеті тарихында алатын орны өзгеше. Шәкәрім ақын әрі тарихшы, философ, өз заманының үлкен ойшылы болған адам. Қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген ақын қазақ халқының көркем ойының үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңін түрлендіре түскен, қазақ тілінің мол мүмкіндіктерін бұрынғыдан әрмен танытқан бірегей қаламгер. Ол жаңа қазақ әдебиетінің көшбасшысы Абайдың үлкен ағасынан туған ізбасар інісі болады. Туыстық жөнінен ғана емес, ұстанған жолы тұрғысынан алып қарағанда да, Абайға ең

жақын адамы еді. Бұдан елу, сексен жыл бұрын Абайдан соңғы ең танымал есім, Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға саналды.

Шәкәрім 1858 жылы 11 июльде Шыңғыстауда дүниеге келеді. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді ерте қайтыс болады. Бұдан соңғы жерде жетімдік, жоқшылық көрмесе де, әке бауырынан ерте айырылған, қаршадайынан ақ ерекше зеректігін аңғартқан Шәкәрімді Абай өз қамқорлығына алады. Туған әулет дәстүрі, өскен орта ыңғайы, ақын аға тағылымы Шәкәрімнің азамат ретінде қалыптасуында ғана емес, ақын ретінде қанаттануына да ерекше әсер етеді.

Арнайы оқу орындарын бітірмесе де, Абайдың басшылығымен және өзбетінше іздену нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы – қазақ қана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады. Түрік, араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілін де жетік біледі, классикалық Шығыс поэзиясын, орыс және Еуропа әдебиетінің озық үлгілерін терең түсініп оқумен шектелмей, философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді де қадағалап оқиды.

1904-жылғы Абай өлімі, өнерлі екі інісі Ақылбай мен Мағауиядан тағы айырылу Шәкәрім санасына, оның өмірге, қоғамдық өмірге деген көзқарасына ерекше әсер етеді.

«Мұтылғанның өмірі» деп аталатын автобиографиялық өлеңінде Шәкәрім бес жасында ауыл молдасынан сабақ ала бастағанын айтады. Ол төрт-бес жастарында ақ қара таниды. Бұдан кейін еш мектептің ресми көлемінде білім алмаса да, былайғы өмірі өнер қуған жастың өсу жолын аңғартады. Домбыра тарту, гармонда ойнау, қаршыға, бүркіт баулып, саятшылық жасау, сурет салу, өлең жазу, ғылымға құмарлану, тіпті киімді өзі пішіп тігетін шеберлікке, сағатын да бұзыла қалса өзі жөндеп алатын өнерге үйренеді. Бір сайлау мерзімі болыс та болып сайланады. Артынша ол, «еріксіз жемтік шоқыдым», «арп кетіп, айла жамылдым» деп те опынады.

Бірақ Шәкәрім өзін мінегенде кейінгі жастарға сабақ болсын дейді. Ұстазы Абайдың тапсырмасы бойынша шежіре жазумен айналысады.

Жиырма бес жасында «Қазақтың түп атасы» деген еңбек жазады, өлең жазумен тынымсыз айналысады. «Ғылымнан едім жалаңаш» десе де қырық жасқа дейін ол орыс, түрік, араб, парсы тілдерін үйреніп, «философ-ойшыл жазғанын сынауға» бет түзеген.

Шәкәрім тіршілік, тағдыр туралы сауалдарына тынбастан жауап іздеген адам. Ол оқу, іздену ауқымын кеңейте түседі. Дін тану үшін ғана емес, ел тану мақсатымен ол қажылыққа екі рет барып қайтады. Бұл сапарлар оның ой-өрісін кеңейтеді, ақын қазақ халқы тек қана дін қуған мұсылманшылық жолын ғана емес, ғылым-білім қуған Еуропа халықтарының жолын таңдауы керек деген пікірге келеді. Осы кезде өзі көптен әуестеніп жүрген толстойшылдық идеясына біржолата беріліп, өмірден баз кешіп, жұрттан аулақтайды да, Шыңғыстың күнгейіндегі Шақпақ дейтін жерде тек әдеби қызметпен ғана айналысып, қысы-жазы жалғыз жасайды. 1917-1925-жылдары Шәкәрім өмірге қайта оралғандай болады, ел ішіндегі өзгерістерге араласады, газет-журнал беттерінде заман ағымына үн қосқан өлеңдерін көптеп жариялайды. Алай да, қарт ақын көп ұзамай қайтадан ел тіршілігінен аулақтап, 1931-жылы қайғылы қазаға ұшырайды.

Шәкәрім құдайға сенген. Бірақ «талай дінді тексердім, ешбірі миға сыйған жоқ» дейді. Оның өз халқы алдындағы үлкен еңбегінің бірі – орыс халқымен достасу, оның ұлы мәдениетін игеру жолындағы Абай дәстүріне әрқашан адал болғандығы. «Орыс қой енді атамыз. Жақсылық содан татамыз» деген пікірінен айнымай өтеді. 1908-жылы А.С.Пушкиннің «Дубровский». «Боран» деген шығармаларын өлеңмен аударып шығады. Әсіресе, Лев Толстой уағыздаған әділет, ар жолы қазақ ақынының көкейіне қона кетеді. Ол ұлы жазушының шығармаларын аударды, оған хат жазып, ақыл-кеңес сұрайды.

Осы Толстой ілімінің әсері ме, 1908-жылы Шәкәрім сахарда сирек кездесетін мінез көрсетіп, елсізге шығады, өзі «саят қора» деп атаған үйде жападан-жалғыз, отбасысыз тұрады. Сонда да ол халқынан рухани бөлінген

жоқ. Ол тек жазумен, ойлаумен болады. Жеті жасынан өлең жаза бастаған ақынның өмір бойы қаламы қолынан түспейді.

Тыныштық жоқ, тыным жоқ,
Ойсыз менің күнім жоқ.
Қайғырамын қан жұтып,
Қөзімді ілер түнім жоқ.
Ойлаумен күнді батырам,
Жазумен таңды атырам.
Тесіле қарап кітапқа,
Сілемді сүйтіп қатырам,- деп айтады.

Ақын Толстойға бірнеше сұрақтармен хат жазады. Соның бірінде Толстойдың жауабы мынадай болған:

-Жазушының артық қасиеті - өз қатесін көріп, оны түзей алуы. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді «Біреудің қатесін біреу көреді» деген бар. Бәрінен де адам өз қатесін өзі түзегені артық. Егер адам өзі істеген ісін , жазған сөзін ақ жүрегімен сыната білсе, ақ жүректің нәзік сезімін ашып бере алады... Жүрек ықпалына беріліп дағдыланған адам өз мінін де, біреудің мінін де көре алады. Сондықтан әділ сыншың – ақ жүрегің,- деп жауап береді. Осындай ақыл-кеңес берген Толстойды мен ұстазым деп бағалаймын, ардақтаймын,- дейді Шәкәрім. Толстойға арнаған өлеңінде:

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,
Алдампаз, арам сопы, қәпір қойдың.
Жанымен сүйді әділет ардың жолын,
Сондықтан ол иесі терең ойдың.
Толстой қәпір емес, қәпір өзің,
Дін емес, бәрі алдау айтқан сөзің.
Қеңілің соқыр надансың, бейілің қара,
Нұр жапырағын қалайша көрсін көзің.
Қөнбеймін дінді теріс бұрғаныңа,
Сопының бара қойман құрбанына.

Хақиқат сырымды айтсам Толстойдың,
Алмаймын мың сопыны тырнағына...

Жазушылық қызметінде Абай мен Толстойдың дәстүрін берік ұстаған Шәкәрім ешкімнің де бет-жүзіне карамай, шындықты жазудан, анық ақиқатты ашық айтудан тайсалмаған, мал-басыма зардабы тиер деп, қобалжымаған да қорықпаған. Ақынның бұл қасиетін біз оның шығармаларынан айнытпай танимыз. Ақын өзінің өнер жолын әуелі сауық-сайраннан бастайды. Қартайған шағында:

Қайран, қайғысыз, қамсыз күндерім,

Сайран, сауықты рақат түндерім,- деп қимастықпен өксісе де, ақын сүйіспеншілік жырын, жастық қуанышын жырлауға ден қояды. Абайдың тіл мәдениетін үлгі тұтқан махаббат жырларының өзінде Шәкәрім тың бояу табуға, сонны сыр етіп түюге ұмтылады.

Жаудырап көзі,

Тамшылап сөзі.

Жібектей шашын Тараса.

Қалмайды халің,

Шығады жаның,

Қиғаштай көзбен қараса.

Бұл дүниеде қыз қызық,

Бозбалада ой бұзық.

Шәкәрім ұлы Абайдың шәкірті. Абайға еліктеп жазғандары творчестволық өмірінің ақырына дейін созылады. Сонымен Берге ол өз ұстазымен тұстас ақын. Абайдан он үш жас кіші болғанымен, өлең дүниесіне келуі мерзім жағынан жақын

Шәкәрімнің алғашқы өлеңдерінің өзі ақ әдебиетке үлкен үміт күттіретін жас талант келгенін танытады. «Жастық туралы» өлеңінде ол ғашығының сыртқы-пішін портретін суреттегенде өзінше бояу таба білуімен қоса, жастықтың алабұртқан көңіл күйін жеткізу жолын іздестірген. Махаббатмастығының интимдік тылсым – дірілін қысылмай, қымтырылмай

шебер суреттеумен ёрге,эротикалық оғаштыққа да бармайды. Қыздың сұлулығын, жібектей мінезін қызықтай отырып, жігіт ойының бұзықтығын да түйреп отырады. Кейінде ол махаббат тақырыбын қозғағанда ынтықтық, құмиарлық аясында қалып қоймайды. Ол ғашықтық сезім пәк, таза жүректен тамызданатынын айтады. «Анық, асық әулие» деген өлеңінде:

Жүрегің болса тайғақ саз,

Сопысынып қылма наз,- дейді. Махаббат адамгершілікке бастайтын сезім деп түсінеді.

Шәкәрім шығармашылығында, әсіресе, лирикасы мен мысал өлеңдерін талдағанда ескерілетін тағы бір принцип - саналылық пен белсенділік принципі.

1911-жылы шыққан «Қазақ айнасы» деп аталатын кітабында Шәкәрім адамгершілік хақындағы ойларын тиянақтай түседі. Мұнда Абай мектебінің бұл саладағы пікірлері айқығн танылады. Біріншіден, адамдық жолы дегенімізадам баласына пайдасын тигізу, жақсылық ету. Екіншіден, тіршілік қамы, өзбасыңа, туысқан аталасыңа қамқорлық еткенде де адамшылық борышыңды ұмытпау.

Лирикаық шығарма дегеніміз – тікелей ой мен сезімнің әсерлі де асқақтата суреттелуі. Сөз жоқ, көркем шығарманың қай қайсысында да әсерлеп, асқақтата айту басым болады. Бірақ прозада ол шығарманың бір қыры сияқты болып көрінсе, лирикалық шығармада әсерлі, асқақтата суреттеу тікелей объект болып көрінеді. Лирикада ақын сезімі айқын көрініп тұрады. Яғни ақын қуанып тұр ма, қайғыру бар ма, оның ішкі эмоциялық жағдайы шығармада анық көрініс табады.

Өшпес, өмір, таусылмас мал берерлік,

Бір білімді данышпан жан табалық.

Немесе:

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық,

Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық.

Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,

Жалыналық, Абайға, жүр, баралық. – Міне, бұл қатарлардан өлеңнің мақсатын, алға тартқан мәселесін аңғаратындығымызды тағы да атап өтпекшіміз.

Өлеңнің негізгі идеялық түйіні – мына шумақтарда жатқанын оқушылар талдау барысында өздері ақ біліп алады:

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Әр түрлі асылы көп, өтпей жатқан.
Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.
Надандықпен еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық.

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық.

Бұл өлеңде танымдық және моралдық тәрбие беру жағын да қарастыруға болады. Шығармада тұтас бір заманның ақыл-ой маңызы жатқандығы байқалады. Сонымен бірге, бұл өлеңнен ұлы Абайдың әсерін, өлең үлгісін табамыз.. Әсіресе, Абайдың «Қалың елім, қазағым» атты өлеңінің «Жастарға» лирикасымен үндестігі, олардағы идея, пікір ортақтығы айқын танытылып, дәлелденіп беріледі.

Шәкәрімнің көпке таныс, оның шығармашылығын тұрақты таныстырып келе жатқан өлеңдерінің бірі – «Жасымнан жетік білдім...» атты өлеңі болып есептеледі. Туған халқы өзге халықтардың озық ойлы азаматтарын, ғалымдарын білсе, олардың шығармаларын оқып, ой-санасын байытса деген арманын да бұл шығармасында баяндап өтеді. Ақын ұлы орыс жазушысы Л.Толстой есіміне қатысты өлеңдерінде бұл пікірді тереңдете түскен. Орыс қоғамы Толстойды дінсіз деп қудалап жатқанда ақын «Танбаймын шәкіртімін Толстойдың» деп ұлы адамға деген көзқарасын білдіреді. Өлеңді талдау

процесінде ұлы Абайдың да, Шәкәрімнің де Толстойды «ұстазым» деп тануының себебі мен мәнін оқушыларға түсіндіріп өтпей бомайды.

«Жасымнан жетік білдім түркі тілін. Бұл тілге аударылған барлық білім» деген қатарлар арқылы ақын өзінің түркі әдебиетін, тарихын жақсы білгендігін, түркі тіліндегі еңбектерде бүкіл дүниежүзі халықтарының да ең терең, жақсы шығармалары бар екендігін танығанын көреміз.

Ал енді:

Оятқан мені ерте Шығыс жыры,

Айнадай айқын боды әлем сыры.

Талпынып орыс тілін үйренумен,

Надандықтың тазарып, кетті кірі»,- сияқты қатарлардан нені аңғаруға болатындығын танимыз.. Демек, Шәкәрім – Шығыс халықтарының бай мұрасымен, тарихымен де таныс болғаны, ол арқылы әлемдегі ізгі жаңалықтармен хабардар болуы, сонымен бірге орыс тілін үйренген соң бүкіл надандық атаулыдан тазарғанын айтады. Бұл арқылы Шығыс, Батыс ғылымы мен мәдениетінің кезінде Шәкәрімге үлкен ықпал жасағанын көруге болады. Аталған өлеңдегі ерекше назар аударатын мәселе – ақынның ағынан жарылып айтқан мына пікірінде айқын танылады.

Көнбеймін дінді теріс бұрғаныңа....

Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың,

Мың сопыны алмаймын тырнағына, - деген қатарлардан нағыз ғалым, ғұлама-данышпан қайсы ұлттан, қайсы діннен болғанына қарамастан, бүкіл адамзатқа, игі ниетті аллатағала жаратқан адам баласына ортақ деген қағида айтылады.

Шәкәрімнің адамды дініне қарап емес, ұлтына, бәлкім нәсіліне қарап емес, ақылына, адамдық қасиеттеріне, бүкіл адам баласына істеген жақсылығына қарап бағалауға бейіл болғандығын тағы да тани түсеміз.. Бұл арада қасиетті құранда да, өзге діндердің ең басты кітап-қағидаларында да осы мәселе айдан анық екендігі, нағыз мұсылман қауымы дініне қарамастан

бүкіл адам баласына бірдей көзқараста болатындығы айтылғанын тағы бір мәрте дәлелдейтіндігін анықтап аламыз.

Сонымен бірге, Шәкәрім көптеген ғылым салаларынан хабардар болып, олардың көбінің тереңіне үніліп, асыл-маржанын тере алғанын, оларды өз шығармаларында көрген-білгендерімен сабақтастыра өргенін оның туындылары айқын таныта алады. Мәселен бұл тақырыптарға Шәкәрімнің «Анық пен танық», «Мақтау мен сөгіс», «Талап пен ақыл» т.б. шығармаларынан ақынның үлкен философ болғандығы анық байқалады. «Анық пен танықта» мынадай қатарлар бар.

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әр істі сол тексермек... дей келе, енді бір жерінде:
Қазақта жоқ ақылмен ой бекітпек,
Нәпсі ұнатса болғаны бәрі бітпек.
Ойыңды дұрыс деме, теріс деме,
Сол арасын анықтап байқа бірақ...

Бұл жолдар анық білімді, тәжірибелі адамдар болмаса, әлі дүниетанымы толыспаған, көзқарастары қалыптасып үлгірмеген жастар не жасөспірімдер үшін ауыр да, күрделі де. Сондықтан да Шәкәрім лирикасындағы философиялық ой-пікірлерді қарапайым тілмен түсіндіріп беріп отыру шарт.

Шәкәрім өлеңдерінің жақсы мен жаманды тең қойып, қарама қарсы құбылыстардың сырын ашу арқылы нені құптауға, нені жек көруге болатынын суреттеуі жайдан жай емес. Бұл – ақынның ағартушылық көзқарасының жемісі. Мысалы «Ашу мен ынсап» өлеңінде осы қарама қарсы екі ұғымның арасы ашылып, «ынсап – қанағат», ол қашан да сабырға жақын. Ал қанағатсыздық, ынсапсыздық – ашудың досы. Ақыл, қайрат, ой, ашу, еріншектік, сабыр, ынсап сияқты қасиеттерді көзге көрінетін нәрседей етіп сөйлетеді. Бірақ жақсы мінез-құлықтың қадірін білмеген елдің надандығына қайғырған кейіпкер:

Айла таппай, адастым,
Қайғы артылып мойныма.
Ақылымнан шатастым,
Жас төгілді қойныма...

Ойландым да, сандалдым,
У жайылды бойыма.
Мұңдасуға қамдандым.,

Қайратым мен ойыма...- деп қайраты мен ойын ақылдасуға шақырады. Бұл өлеңнен аңғартуға тиіс пікір- ашу мен айланың- ақыл мен сабырға үнемі қарсы келетіні, барлық уақытта қай істі болса да, сабырмен ойлап, ақылға жеңдіріп отырудың абзалдығы, адамның ең биік қасиеті ынсапта екендігін танытуға болады.

Шәкәрім өлеңдеріндегі мағына тез-әзір жауаптылықтан гөрі ойшылдықты, байыптылықты қажет етеді. Сондықтан оларды оқығанда, осы арасына көбірек түсінік берілсе, адамның бойындағы ынсап, ақыл, сабыр тәрізді абзал қасиеттерді тәрбиелеген болар еді.

Шәкәрім поэзиясында насихатқа, дидактикаға құрылған өлеңдер де молынан кездеседі.

Мысалы ақынның «Насихат» атты өлеңі мұның айқын мысалы. Өлең дидактикалық сарында болса да, онда сол кездегі қазақтар үшін ауадай қажет болған мәселелер көрсетіледі. Өлеңді талдау барысында халыққа қарата ақынның арнау формасында қайырыла сөйлегені байқалады. Негізгі тақырып – балаға дұрыс тәрбие, тиянақты білім беру екендігін өлеңнен айқын тани адламыз.

Балаңа ғылым үйрет жас күнінде,
Досыңа жақындама мас күнінде.
Халқыңа қайрылар деп айтпа ақыл,
Ел бұзық, ерегіскен қас күнінде.
... Панала, пәле шықса, басың сақтап,
Ойлама оңамын деп екі жақтап...

... Осы күнде қазақтың бәрі де мас,
Жақсылардың біріне біреуі қас.
Атқа мінген жігіттен үмітім көп,
Сөзімді ұқса, ойланар кейінгі жас.

Бұл тек жай насихат, ақыл айту емес, мұнда сол кездегі Абай сынаған қазақтың бойындағы көптеген жағымсыз індеттерден сақ жүру жағы да нақты көрсетіледі. Жас жеткіншектердің де осы кеселді мінез-қылықтардан аулақ жүруі насихат етілген.

Енді бір мәселе Шәкәрімнің мысал не мысал тектес өлеңдері туралы. Себебі ақын өлеңдерінде пернелеп, тұспалдап айту да өте жиі кездеседі. Жалпы, Шәкәрім әдебиетімізге жаңа тақырыптағы, жаңа мазмұндағы көп қана мысал өлеңдер әкелген. Осы жанрдың мүмкіншілігін анық дәлелдеп те берген ақын.

Шәкәрім мысал өлеңдер жазумен көп айналысқан, бұл жанрдың қыры мен сырын әбден меңгерген ақын. Ол мысалдарын жазуда Шығыстың, орыстың классикалық әдебиетінен, әсіресе, ұстазы Абайдан жемісті үйрене отырып, әдебиетімізде мысал жанрының жаңа үлгілерін қалыптастырады.

Поэзияның негізгі саласының бірі – мысал (басня) жанры қазақ әдебиетінде қаншалықты өркендесе, оған Шәкәрімнің де соншалықты қомақты үлес қосқанын көре аламыз.

Шәкәрімнің Шығыс әдебиетімен байланысын мысалдар жазуынан ақ көруге болады. Адамгершілік сапаларды аллегориялық көркемдікпен насихаттауды өз тәжірибесінде ақын «Бояулы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай». «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Епті тышқан» сияқты мысалдар арқылы жеткізген. Арғы төркіні «Калила мен Димнадан» алынған мысал үлгілерін Шығыс ақындары талай үлгіде дамытқан. Мысал жанры қазақ арасында ауызша да, ақындар арқылы жазбаша да ерте таралған.

Шәкәрімнің «Боялған суыр» атты мысалында бір суыр ауылға адасып кіріп, бір үйде бояу толы шелекке түсіп кетеді. Бір кезде үстінің жүндері алуан түрге боялып, құлпырып тұрғанына көзі түскен суыр «мен құдайдың

сүйген аңы болдым» деп мақтаныш сезіміне беріледі. Менің тауыс құсынан қай жерім кем деп, даңғойланып тұрған суырға өзге суырлар «тауыс -әнші құс, сен де тауысқа ұқсапсың, енді тауыс сияқты әнге сал, сайра» дегенде, мақтанған суыр сайраудың орнына құр қикылдайды. Оны да місе тұтпай, тауысша аспанға ұшпақ болады. Ақын суырды:

Бояуына мақтанып, босқа шатып,

Құс болып ұшамын деп құдай атып.

Арғы бетке жете алмай, орға түсіп,

Ағын суға күмп етіп, кетті батып,- деген жолдардан мысалдың

негізгі идеялық шешімін түсінеміз.

Ақын бұл мысалдан былайша қорытынды жасайды:

Жігіттер, бұл суырды қылма мазақ,

Осыдан естілерің болады аз ақ.

Бояуды да бағым деп, күн өткізіп,

Қол жетпеске ұмтылған көп қой қазақ.

Қорыта айтқанда, Шәкәрімнің мысалдары арқылы оқырман өздеріне керекті танымдық та, тәрбиелік те асыл қасиеттерді толық ала алады деп білеміз. Сондықтан да Шәкәрім шығармалары әдебиетіміздің асыл қазынасын байыта берері анық.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

А). Шәкәрімнің азаматтық лирикасы.

Шәкәрім шығармашылығының басым көпшілігі – поэзиялық туындылары. Сөз өнерінің осы байырғы түрі поэзияда ең алдымен адам өмірінің қат-қабат сыры мен қыры, қуат берер қуанышы мен қартайтар қайғысы, алға тартар арманы мен жетелер үміті, мұрат-мақсаттары- баршасы көркем бояулармен, сан қилы ою өрнегімен көрініс табады. Шәкәрімнің поэзиялық шығармаларының мазмұны да бай, сала, түрлері де мол. Егер тақырыптық және жанрлық тұрғысынан қарасақ, Шәкәрімнің поэзиясында азаматтық лирика да, философиялық лирика да, махаббат лирикасы да, табиғат лирикасы да бар; сондай ақ ода, элегия, сонет, тарихи баллада, халық өлеңдері түрінде жазылған шығармалар да кездеседі. Бұл жағынан алсақ, Шәкәрім қазақ поэзиясын айтарлықтай жаңғыртып байытты, поэзияның мәдениетін дамытты.

Шәкәрім өзінің өлеңдер топтамасының алғашқы басылымына «Қазақ айнасы» деп образды ат қойғаны мәлім. Бұл сөз өнері - өмір сәулесі, өмір суреттемесі деген ақынның биік те терең философиялық әрі эстетикалық түсінік-ұғымының көрінісі еді.

Шәкәрім – ақындық міндетті биік бағалай келіп, өз кредосын ұсынады:

Өлең айт: дарын өрге өрлегендей,
Сезімді қозғап тәтті ой кернегендей.
Жанды сөз бойды ерітіп, маужыратып,
Әлдилеп жыр бесігі тербегендей.

Біздің Шәкәрімнің сан салалы тақырыптардың ішінен азаматтық лирикасын тандап алуымыздың бірнеше себептері бар. Әр адам, әсіресе өнер адамы өз ортасынан, өзі жасаған қоғамнан тыс томаға тұйық өмір сүре алмайды. Нағыз ақын – халқымен бірге қайғырады, күңіренеді, не болмаса қуанады. Әйтеуір өз заманының барлық саяси-әлеуметтік мәселелеріне

араласпай тұра алмайды. Шәкәрім Құдайбердіұлы – ең алдымен нағыз халық тілегіндегі ақын. Оны өз заманында болып жатқан сорақылықтардан бастап, не түрлі зұлымдық пен жауыздық, екіжүзділік пен имансыздық қатты күйзелтеді. Қазақ халқының алға ілгерілеуіне кедергі болып, кесірі тиіп отырған заман құбылыстарының ешқайсысына бейтарап қарай алмайды. Бұл - нағыз азаматтық әуенде шығарылған ақын туындыларынан әсіресе, айқын байқалады.

Енді ақын шығармашылығында, әсіресе өлеңдерінде көп жырланған, үздіксіз жүйелі түрде айтылып отырған азаматтық әуен, қоғамдық-саяси тақырыптағы лирика туралы өз пікірімізді білдіріп өтейік: «Азаматтық лирика – лирикалық поэзияның заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді. Адамның белгілі бір дәуірге байланысты ой-арманын, мақсатын жырлайды, жалпы әлеуметтік мәселелерді толғайды. Сондықтан азаматтық лириканы кейде саяси-әлеуметтік лирикаға қосады. Әлеуметтік тақырып, саяси сарындар, әрине, лириканың барлық түрінде кездеседі. Халық қамын, оның қоғамдық халін шығармасына арқау еткен әрбір ақын лирикасында азаматтық сарын басым болады»,⁵ - дейді академик Зәки Ахметов.

Азамат ретінде қоғамдық мәні бар мәселелерді көтеру арқылы ақын заманның сырын ашады, оның қайшылықтары мен кемшіліктерін нақты-көркемдеп суреттейді, алға, болашаққа жол көрсетіп, жөн сілтеп отырады.

Қазақ жазба әдебиетінде Абайдың, Сұлтанмахмұттың біраз өлеңдері осы азаматтық лирикаға жатады. ХХ ғасырдың бастарында бұл сарындағы лирика Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов поэзиясында үлкен әлеуметтік маңызға ие болды. Қоғамдық өмірдің ең көкейтесті мәселелері халықтың тағдырына, мүдделеріне, келешегіне байланысты сарындар азаматтық лирикаға арқау болады.

⁵ З.Ахметов. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы. 1998. 32 б.

Қазақ әдебиетінде азаматтық сарында көп шығармалар жазған және бұл тақырыпты Абайдан соң жеріне жеткізе жырлаған ақынның бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы екендігін жоғарына атап өткенбіз.

«Шәкәрімнің өз басы да, шығармашылығы да қазақ әдебиеті тарихындағы терең, жіті зерттеуді керек ететін көрініс. Ақын өзінің өлеңдерінде ойланып, толғануы көп, уайым-қайғы басқан, жалғыздық жапасын мол шеккен жан ретінде көрінеді. Ол әсіресе, ақынның азаматтық тақырыптағы лирикасынан айқын сезіледі⁶», - дейді проф. М.Базарбаев.

XX ғасырдың бас кезіндегі шым-шытырық әлеуметтік оқиғалар Шәкәрімді көп толғанды, негізінде ақын дүниені реалистік жөнмен тануға ұмтылған. Әлемдік мәдениеттен, әлеуметтік жайлардан көп хабардар болған. 1917-жылғы революцияларға құлағы елең етіп, бостандық туралы біраз өлеңдер жазса да, бірақ ол тақырыпқа кейін тереңдеп бара бермейді. Бірді-екілі өлеңін алашқа, оның лидерлеріне арнайды, олар туралы жылы лебіздер айтады. Шәкәрім қазақ халқының болашағы, ұлттық мемлекет болуы тек соларға байланысты деп түсінеді.

Ақын шығармашылығының жайын, сырын, өзіндік ұғымын білу үшін, жалпы көркем әдебиетке қалай қарады, қандай баға берді, қалай түсінді деген мәселелерді де біліп алуы керек. Шәкәрім әдебиетке мүлде басқаша, өзгелерге қарағанда, айрықша көзқараспен қараған. Әдебиетке жаңа тілек, жаңа міндет жүктеген. Әдебиетті ақын ағартушылық құрал ретінде пайдалануды көздейді, көркем шығармалар арқылы халықты мәдениетке, өнер-білімге тартуды ойлайды. Бұл жағынан Шәкәрім қазақ әдебиетінің Абай мен Ыбырайдан келе жатқан халықтық дәстүрін одан әрі жалғастыра түскен ақын. Оның ағартушылық саласындағы туындыларынан да сол дәуірге сәйкес ой-пікірлер, азаматтық көзқарастар мен танымдар айқын көрініп отырады:

Білгенімді жазушы ем,
Бекем буып белімді.

⁶ М.Базарбаев. Қорікті ойдан – көркем сөз. Алматы. 1994. 56 б.

Мінін айтып қазушы ем,
Түзетпек боп елімді,- дейді ақын.

Ақынның өз өлеңдері арқылы қандай мақсатты жүзеге асыруды көздегенін аңғару қиын емес. Өз елінің мінін айтқанда да, оны алға шақырғанда да сол қауымды түзету, өрге бастыру ниетінде болғанын білдіреді. Ескіліктің, надандықтың өзіне мәлім кертертпа жақтарын қатты сынау арқылы ғана елді түзеуге болады деп ойлайды. Ақынның өскен, өмір сүрген ортасы мен дүниеге көзқарасын ескерсек, осыдан артықты яғни белсенді ұранды күту де қиын. Ақындық талантын өркениетке, қауым мүддесіне арнауын үлкен ерекшелік деп қарау қажет:

Мен жетелеп өлемін.
Өрге қарап қазақты.
Өлсем де ойын бөлемін,
Сөзбен салып азапты.
Білімдінің сөзіндей,
Сөзім демен таза ақ-ты.
Қазақ болса өзімдей,
Қыла алмайды мазақты,-дейді ақын.

XIX ғасырдың соңғы кезі мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ әдебиетін әлеуметтік ой-құралы, рухани күш дәрежесіне дейін көтерген қазақ ақындарының алды Шәкәрім, демократиялық бағыттағы жазба әдебиеттің «тіл ұстартып, өнер шапшақ, наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» дәстүрін ол ілгері бастырды. Әдеби ұғым-түсініктерге үлкен талғаммен қарауды Шәкәрім қазақ тәжірибесінде алғаш көрсеткендердің бірі. Осы арқылы олоқушысының эстетикалық таным-талғамын жаңаша қалыптастырды.

Ақын өз тұсындағы қоғамдық өмірдің бірсыпыра шындығын орынды көре білген және оған қатынасын таныта отырған. Шәкәрім өмір сүрген тарихи кезеңде патшалық Россияның жиһангерлік күштерінің қанаушылық саясаты шет аймақтарда да айрықша өріс алып, еңбекші халықтың тұрмысын

бұрынғыдан да ауырлата түскені анық. Ғасырлар бойы үстемдік етіп келген надандық пен қараңғылық қазақ қоғамында бұл кезде өзінің кертартпалық сипатын өте-мөте айқын аңғартқан еді. Қоғамдық өмірдің осы сипаты, ерекшеліктері Шәкәрім ақынның назарынан тыс қала алмады.

Апырау, бұл не деген наданшылық,

Осынша жайылар ма жаманшылық.

Есі шығып, елірген бәрі де мас,

Ар қайда, ақыл қайда адамшылық,- деп күйінеді де ақын өзінің азаматтық кредосын байқатады. Ел ішінде билікке таласып, партия құруды ақын қоғам өміріндегі ауыр салмақ, зиянды құбылыс деп таниды. Ол ел билігіне таласып жүрген байлардың байыған жолын да, амалын да тап басып, дәл көрсетіп отырады. «Ел зарлатып, зорлықпен мал жиып ап» -деп шындықты өз атынан айтады. Партия құрып, билікке таласқан пысық, атқамінерлердің сырларын ақын барынша мол ашып танытады.

Партияның басшысы, батырың осы,

Қайраты мол, ішкені ант, шашқан пара.

Малмен сатып алған соң ел де оныкі...

Қарсы келсең басыңды қағып тастар.

Болмаса амалың жоқ сен де оныкі.

Қанға тойған көп итке қарсы келсең,

Жаның қалар, тақсыр ау сен деп білсең.

Немесе:

Байдың асын сұм менен залым жейді,

Ұрысы ұрлап момынның малын жейді,

тағы бірде:

Қайдағы қу, алдампаз төрге шықты...

Осы күні арамның жолдасы мол,

Қу мен сұмды кім жиса, шын мықты сол.

Ел ішіндегі атқамінерлерге арналған бұл сөздер сол кездің әлеуметтік шындығын бірсыдырғы дәл танытып тұр. Ақынның осы тақырыптағы

өлеңдерінен аңғарылатын тағы бір жай – автор ел билеушілердің сұрқиялық іс-әрекеттерін сынағанда, өз тұсындағы кейбір ақындар сияқты бұрынғы «батагөй, әділ билерді», «жақсыларды» арман етпейді, ол заман өткен, өзі көріп отырған шындықтың бетін ашады, оларға деген өзінің наразы көңілін білдіріп, әділдікті, адамгершілікті аңсайды.

Билеуші тап өкілдерінің қылықтарын сынауға арналған бірсыпыра шығармаларында басқа көп ақын көре бермейтін өмірдегі кейбір көлеңкелі жайлардың да сырын аша түседі. Ақын жалпы байлар мен ел пысықтарының бір тілек, бір мақсатта екенін «Қорқақ бай» деген өлеңінде айқын аңғартады. Сырттай момын болып көрінетін байлардың да елге тізесін батыратынын немесе сондай үстемдікке ұмтылатынын ақын орынды сипаттайды. Осы ретте ол:

Әлі жеткен кісіні о да жейді,
Қолынан іс келгенде солай жайы.
Ойласаң көп бұл елдің осындайы,
Шоқынғаны дәулеті, қой мен тайы.

Немесе «Қулар» деген өлеңінде:

Байлардың қу білмеген сыры болмас,
Тамам қудың бірімен бірі жалғас.
Араз болып жүрсе де пайдасы бір,
Орын дайын, бұл итің құры қалмас,- деп жазады.

Ел ішінде шектен асқан паракорлық пен әділетсіздік, қараңғылық пен теңсіздік ақынды кейде ауыр жан күйзелісіне ұшыратып отырады. Жекелеген өлеңдерінде ақынның:

Елге қөнсем ақ жолдан адасамын,
Қөнбей жүрсем, көп итпен таласамын.
Тек отырсам, тепкілеп шыдатпайды,

Енді қайтіп бұл елмен жарасамын,- әйтсе де ақынның бұл сияқты дағдарушылығы көбіне көп сезім күйін, түзу жол таппай сандалғанын аңғартады. Оның:

Ермегім жоқ, елімнен үмітім жоқ,
Қайтейін осындаймен көңіл бөлмей.

Ел тіліме көнбеді,
Жыладым да қамықтым.

Үмітсіздік дендеді,

Зарықтым да шалықтым, -немесе « Менің де көп жаралы жүрегім бар, Надандықтан қираған сүйегім бар» деуі де осыны аңғартса керек. Оның шығармаларындағы жан күйзелісіне байланысты туған кейбір түйінді ой-пікірлер ақынның надандық түнегіне қарсы күресте шаршау, қажу сезімдерінен туғаны анық.

Шәкәрімнің адамгершілік дегенге көзқарасы қандай?. Ақынның адамгершілік ұғымға қатысты ой-пікірлері ағартушылық көзқарастарымен үндес, сабақтас. Ол адамгершілік туралы ойларының қайсысын болса да өсиет, үлгі ретінде ұсынады, жамандықтан қашып, жақсылыққа ұмтылуды уағыздайды. Абай сынаған өтірік пен өсекті Шәкәрім де жеріне жеткізе сынайды:

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,

Анық төмен болмай ма хайуаннан.

Ынсап, рақым, ар-ұят табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан, -деген Шәкәрім «Еріншек, ашу, құмардлық – жамандықтың басы осы» дейді. Ақынның адам мінезіндегі жамандықтың негізгі белгілерін дұрыс сынай отырып, ұсынатыны не дегенге келетін болсақ, мұнда да ақынның өз мақсатына берік болғанын қалаймыз. «Бояу мақтан бола ма, Ішімізді құр қылмай»- дейді. Демек, ақын адамның сыртқы сұлулығынан гөрі адамгершілік жағынан сұлу болуын басты қасиет деп таниды. Ақынның адамгершілік туралы көзқарасы «Өзіме» деген өлеңінде дәл де тұжырымды баяндалған:

Кейін баспай, ентелеп, ілгері бас,

Соны ойла, өзге қызық істі ойлама...

Адамзат өзін өзі сынау керек,

Тазалық, әділдікті ұнау керек.
Өлсе де тура жолдан мойын бұрмай,
Ақтан көрген пәлеге шыдау керек.

Шәкәрімнің бұл арада жұртшылықты ілгері ұмтылуға шақыруы да, адалдық үшін жан қиюға дейін шыда деуі де озық пікірлер. Бұлар ақын творчествосындағы адамгершілік, әділетке сену жайындағы сырын толық танытады.

Ақынның адамгершілік, дұрыстық туралы ұғымына өнер-білім, еңбек және әйел теңдігі жайындағы ой түйіндері толы сыйып кеткен. Бұларды бір сөзбен айтқанда, нағыз биік тұлғадағы азаматтық лириканың көріністері деуге болса керек.

Адамдық қасиетін Шәкәрім еңбекке деген қатынасына қарай таниды. Еңбексіз келген байлықты, немес өзгені қор етіп, мақтан үшін жиған байлықты, мал-дүниені Шәкәрім жиіркенен айтады.

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,
Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.
Арың сатпа, терің сат, адалды ізде,
Ғибадат пен адалдық, ар үшін жи.

Ақынның адал еңбекпен ар үшін тіршілік етуге үндеуі, адамдық ар мен еңбекті бір бірімен байланысты қарауы оның өмірден әділдікті арман еткен ізгі тілегіне сай. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп Абай айтқандай Шәкәрім:

Ерінбесең еңбекке дәулет дайын,
Жаратқан жоқ жатсын деп бір құдайым,- дейді.

Қазақтың феодалдық қоғамында байлық туралы орнап қалған ұғымға Шәкәрім мүлдем қарсы.

Анық байлық денеге біткен өнер,
Білімдінің бәрі де соған сенер.
Арам жиып мақтанған дәулет емес,

Алдымызда бір күн бар есеп берер,- дейді ол. Еріншекті ақын көп шығармасында әшкерелейді. Тұрмыстағы ең бір зиянды құбылыстардың бірі ретінде көрсетеді. «Еріншек» деген өлеңінде:

Еріншектік, салақтық,
Салақтықтан надандық.
Бірінен бірі туады,
Жоғалар сүйтіп адамдық.
Қарекет жоқ, ғылым жоқ,
Өз бойынан ұялмас.
Білімсіз, әрекетсіз еріншекті,

Күнәкәр да болмаспыз өлі десек,-дейді. Жалқаулық пен еріншектікке бой ұруды бұлайша өлтіре сынау қазақ әдебиетінің тарихында Шәкәрімнен өзге ақын-жазушылардың аузынан шығуы кем де кем. Елең-селең бос жүруден безінуге шақырады.

Егін сал, не сауда қыл, үйреніп бақ,

Қол өнерден пайда қыл үйреніп ақ,-деуі сөз жоқ, бағалы пікір. Рас, Шәкәрім адал еңбекті жақтағанда ұйымдасқан еңбекті сөз қылған жоқ. Әйтсе де оның паракорлықты, арамтамақтықты сынап, адал еңбекке шақыруы, адамның адамдық қасиеттерінің бірін адал еңбекке байланыстыруы орынды уағыз еді.

«Арың сатпа, терің сат, адалды ізде», «егін сал, не сауда қыл, мал тауып кел» деген жолдарды ақын өлеңдерінен көп ұшыратамыз. Еңбеке. оқу-білімге, өнерге шақырады, жалқаулықты, бойкүйездікті, надандықты сынайды, талапты бол,- дейді.

Өмірдің өкінбейтін бір айласы,
Ол айна – қиянатсыз ой тазасы.
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос – сол шарасы.

Шәкәрім шығармаларын қарастырғанда, оның қоғамдық өмір жайлы жекелеген пікірлері мен философиялық ой-түйіндері туралы да айтпай кетуге

болмайды. Өз ортасының белгілі, көреген адамы Шәкәрім әлеуметтік өмірдің әр алуан сұрқын байқай білді және оларға өзінің қатынасын анық білдіріп отырған. Оның қоғамдық құқық пен философияның жекелеген мәселелері жөнінде өзіндік түсінігі болған. Мұның өзі Шәкәрімнің қатардағы ақын ғана емес, ірі ойшыл екенін де танытады.

Шәкәрімнің мейірімділік пен зорлық-зомбылық, әділет пен зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы толғаныстары екі ғасыр шегідегі қазақ қоғамдық ойының марқайып қалған қалпын, бүкіл Түркістан өңіріндегі алдыңғы қатарлы биік өресін танытады. Тақырып мазмұндылығы, ауқымдылығы Шәкәрімнің азаматтық лирикасының тек қазақ қана емес, қазіргі Шығыс халықтары поэзиясындағы, туыстас, тағдырлас жұрттардың барлығының рухани даму тарихындағы өзгеше құбылыс ретінде бағаланады.

Шәкәрім адам мен қоғамның байланысы концепциясын өзіндік ерекшеліктерімен байытып, жалғастырып әкетеді. Ол қандай кейіпкерінің бейнесін сомдаса да, оның бойындағы жақсы-жаманды қасиеттердің тамыры қоғам өмірінде жатқанын сездіріп отырады. Қандай әлеуметтік кеселді болсын ол уақыт ағымының барысынан туған, бірақ міндетті түрде түзетуге болатын кемшілік деп біледі. Билік пен байлыққа жету мақсатындағы әлеуметтік психология, адамдар бойындағы қараңғылық пен надандық, шарасыздық пен жалқаулық түптің түбінде қоғам өміріне де әсер етпей қоймайтынын Шәкәрім жақсы түсінеді. Сондықтан оған қол жеткізудің бірден бір жолы – халықтың санасын ояту, ел ішіндегі бай-манаптардың, залым әкімдердің бет-пердесін ашу болды. Қоғам мен халықтың өмірін өзгерту, түзету жолының бірі деп есептейді. Бұл екеуі бас қосқан жерде дам баласынан қашып құтылатын ешнәрсе болмайтынын айтады.

Шәкәрімнің реалистік бағыттағы азаматтық лирикасының идеялық көлемі терең де, кең де. Ол негізінен адам мен қоғам арасындағы категорияларды нысана ете отырып, ондағы әралуан тақырыптардан әрқайсысына тиянақты түрде зер салып отырады, яғни, Шәкәрім осы

тақырыпқа қатынасты мәселені назардан тыс қалдырмайды. Ақын өзі алып отырған тақырыбының идеялық мәніне терең үңіліп, мәселеге қатысты образдарды мейлінше анық сомдауға тырысады.

Ақын реализмінің нысанасы – қоғамдағы әлеуметтік жағдайларды, теңсіздікті сынап білуі және соны әшкрелеуі. Шәкәрім үшін кемшіліктің үлкен-кішісі жоқ. Сондықтан да ол қоғамдағы қолайсыз құбылыстарды зерттеуді, сынауды, жеке адамның бойындағы жағымсыз қылықтарды сынаудан бастайды. Яғни ақын лирикасының негізгі объекті – адам және адам арқылы дүние түсінігін беруді мақсаттайды.

Ескіден қалған сөз теріп,
Өз ойымнан өң беріп.
Үйретуді жөн көріп,
Түзетпек едім адамды.
Қышыған жерін қасуға,
Әділет жолын басуға.
Алдына салып ашуға,
Жақсылық пенен жаманды...

Ақын өз көкірегін кернеген күйініші мен арманын осылайша жайып салады. Мұнда сол заманның реалистік суреті мен ақынның айналасындағы адамдардың нанымды, психологиялық, рухани портреті беріледі.

Жүрегі таза адамдар,
Зұлымдықтан амандар.
Қиянатсыз надандар
Әулиеден кем емес.

Ақын қандай объектіні нысанаға алмасын, оны бір адамның басындағы кемшілік деп санамайды, оларға типтік сипат бере сомдайды. Өз өлеңдерінде ақын айналадағы құбылыстарды бақылаудан өткізе отырып, оны көркем кестемен, бар бояуымен көпке түсінікті етіп сипаттап, жалпылама көпке ортақ сияқты етіп көрсетеді. Қай өлеңінде болсын жұртының тұрмысы, болашағы жайлы ой-толғаныстар қозғалып, азаматтық үн естіледі.

Ақын өзінің халық өмірінің арашасы болуы тиіс екенін жете түсінеді. Бұқараға жалаң ақыл үйрете бермей,, оның өмірден жол таба білуіне көмектесу, еңбекші қауымға өмір құбылыстары жөнінде түсінік, қол ұшын беру қажеттігін сезінеді. Осындай үндеулер оның өлеңдерінің негізінде болып, Шәкәрім көпшілікті қараңғылық бұғауын бұзуға шақырып, тікелей төңкеріс жасауға талпынбаса да, өзінің ақыл-кеңесі мен жеке өнегесі арқылы жұртшылық санасында сіресіп қатып қалған патриархалдық, рулық түсініктердің тамырын шірітіп, бұқараның мойнындағы адамдық ар-намысты оятуға күш салды.

Мен қайғы жедім ғой,

Қапы өтті дедім ғой.

Қазағым, қам ойлан.

Сен де адам едің ғой.

Шәкәрімнің туған халқының тағдырына деген алаңдаушылығы, перзенттік үміті, сергек сенім мен биік оптимизмі байқалады. Өлеңінде мұнда өкінішпен өтіп бара жатқан жұртын оянуға шақыратын, алға ұмтылуға үндейтін азаматтық үн бар. Халық тағдыры – Шәкәрім жырларындағы көкейтесті тақырып. Осы тұста ақынның реалистік лирикасының халықтық сипаты, оның қәдімгі қалыптан тыс өзіндік, ерекше жыр-сезім толғанысы, болмысты әдептен, шыншылдықпен суреттеуі көрініс табады. Бұл Шәкәрім реализмінің өзіне тән бір қыры болып табылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы адам, оның орны мен қызметі, ісі, қылығы жайында, ақыл мен ой жайында, көңіл мен түйсік, сезім жайында, жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, түзулік, қулық, ақтық сияқты мәселелер туралы да көп философиялық толғаныстар, тебіреністер жасаған. Айбайды көп толғантқан өсу, ғылым, ағарту ісі, алға, болашаққа қарау Шәкәрім поэзиясында түлелдей дерлік бар. Адамның жеке басының жетілуі, ақыл мен парасатқа ұмтылу, адал болу, кісі хақысын жемеу, халық қамын ойлау – ақынның жатпай-тұрмай тебірене ойлаған тақырыптары. Көпшілігі насихат, ғибрат түрінде болып келсе де, Абай салған сыншылдық,

шыншылдық сарын анық көрініп, дамып отырады. Шәкәрім өлеңдерінде «халқым, қазағым, туған ел, жұртым» деген ұғым жиі ұшырайды. Және оны ақын алуан түрлі тақырыптарды қозғай отырып. өлеңнің негізгі кілті, мазмұны есебінде ұсынады. Қай шығармасын алсақ та, шаруасы жағынан артта қалған, оқудан, мәдениеттен кенже қалған халықтың жайын. тағдырын көреміз. Ақын көбіне налып айтады, кейіп те айтады. Тек мағынасы жағынан ғана емес, формасы жағынан да мұндай жолдары Абайға ұқсас келеді. «Қазақ», «Тағы да сорлы қазақ» деген өлеңдерінде Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп келетін өлеңіндегі ой, идея дамытылады.

Ойда жоқ, өнер, білім жол табатын.

Жалмауға жалықпайды өз маңайын.

Мұның түбі не болар деген жан жоқ,

Ұрлық, ұрыс, араздық күнде дайын...

Қайран елім, қазағым, қалың жұртым,

Көп айтып, уа, дариға не қылайын...

Сонымен бірге, елін, халқын қаншалықты сүйетінін, оның жаман жақтарына күйінсе, келешегін ойлап, жақсы жақтарын ойлап сүйінетінін де ашық білдіреді. Кемшіліктерін қатты сынаса, ел ішіндегі залалды қылықтарды батыл айса, жұрт содан безінсін, бойын аулақ ұстасын деп істейтінін ақын тебірене айтады.

Мен қайғы жедім ғой,

Қапы өттім дедім ғой,

Қазағым, қам ойлан,

Сен де Адам едің ғой !

Елді сөктім сайтанға ересің деп,

Неге оларға тізгінің бересің деп.

Елірткенге еліріп ере берсең.

Ескерттім азып-тозып өлесің деп...

Бұл сөздерден ақынның халқына тәубасындай сенетіні, жаны қинала соның тілегін тілейтіні көрініп тұр. Абай бастаған сыншыл реализм сарыны Шәкәрімде онан әрі өріс алған.

Жолдастыққа, достыққа берік болу, қайырымды болып, бір сөзде тұру сияқты адамгершілікке байланысты мәселелерді тек Шәкәрім ақыл айту, белгілі шындықтарды тізу жолымен емес, оның өмірдегі алуан түрлі көріністерін алып сынау жолымен көрсетеді. Адамның қоғамдағы бір біріне қатынасын, мінез-құлқын ашып, оның ұнамсыз жақтарын әшкерелеуде Шәкәрім тереңдікті, көрегендікті байқатады. Абай көбінесе қиналып, налып айтса, бұл бір жағынан ренішін білдіріп, екінші жағынан келемеж, күлкі ете айтады.

«Адамнан артық жәндік жаралмаған» деп басталатын өлеңінде ақын табандылыққа, айнымастыққа келгенде, кейбіреулерден ит артық, онан алар тәлім көп дегенді білдіреді. «Әйтпесе, өзге адамнан гөрі ит ілгері, достықты ит ұмытпайды артық жері» дейді де, ақын адамның ұнамсыз қылығын «жүз жылдық дос бір күнде жау болады, көңіліне бір қылығың сыймаса да» деп дәл басып көрсетеді.

Қарызы бар еді деп, мойын бұрмас,
Сол күні ақ дұшпаныңмен болар сырлас.
Бұрынғы жақсылықтың бәрін ұмытып,
Не қылса да, зияны тимей қоймас.
Ит иесін қаппайды құтырса да,

Адамның шын досы жоқ иттен басқа,- деп қорындылайды. Шәкәрім негізінде, дос, дұшпан жайындағы ойын Абайдың ой байламдарына сәйкес өрбітеді. Мәселен Абайдың:

Дос алады: бермесең бұлт берем деп,

Жауыңа қосылуға сырт берем деп,- деген екі жолын Шәкәрімнің «Сол күні ақ дұшпаныңмен болар сырлас» деген жолымен салыстырсақ, мағына жағынан да өте ұқсас екенін байқаймыз. Тек Шәкәрім

тіке, кесіп айтады. Абайға жалпы мінездеу, жинақтап айту тән де, Шәкәрімде нақты сурет, бейнелеу басым.

Осы тақырыпқа сай Шәкәрім рушылдық, ымырашылдық, жалған жақындық сияқты жайыттарды қатты сынап, ондай істің көбі әркімнің өз өктемдігін жүргізу үшін жасалатынын әшкерелейді. Ондай өлендерінен сықак, күлкі, ирония сезіледі.

Досты мықты қылмақсың,
Дұшпаныңды қырмақсың.
Аяғында сен де бір
Кішірек құдай болмақсың.

«Абай марқұм» дейтін осы өлеңінде Шәкәрім ұлы ақын арман еткен көп жайларды еске алып, үлкен толғанысқа енеді. Лирикалық героймен сөйлескен, ақылдасқан болып, өзін қинайтын біраз мәселелерді ортаға салады. Жоғарыдағы үзінді сол лирикалық геройға арналған. Ақын негізінде дұрыс қылықты алады да, оны өзі теріске шығарады. Себебі сынап отырған адамның түпкі ойы –«арам ой», досты көбейтіп, дұшпаннан арылу ғана емес, соның арқасында өзі мықты болғысы келеді. Ақын сондықтан да «кішірек құдай болмақсың» деп кекетеді, мазақ қылады.

Ақын көптеген өлендерінде өмірге болған материалистік көзқарастарын байқатады. Ол пікірін дәлелді суреттермен, бейнелі ой-жорамалдарымен бекітеді. Әсіресе, ғылыми жаңалықтарды көп насихаттайды, өзі соның жұмбағын шешкісі келеді

Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық,
Сегіз минут ширекте Жерге барып.
Әншейін құр жарқырап тұрып алып,
Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.

Ақын реализмінің нысанасы - қоғамдағы әлеуметтік жағдайларды, теңсіздікті сынап білуі және соны әшкерелеуі. Ақын үшін кемшіліктің үлкен кішісі жоқ. Сондықтан да ол қоғамдағы қолайсыз құбылыстарды зерттеп сынауды жеке адамның бойындағы жағымсыз қылықтарды сынаудан

бастайды. Яғни, ақын лирикасының негізгі объектісі – Адам және Адам арқылы дүние түсінігін беруге мақсаттайды:

Ескіден қалған сөз теріп,
Өз ойымнан өң беріп.
Үйретуді жөн көріп
Түзетпек едім адамды
Қышыған жерін қасуға,
Әділет жолға басуға.
Алдына салып ашуға.
Жақсылық пенен жаманды.

Ақын өз көкірегін кернеген күйініші мен арманын осылайша жайып салады. Мұнда сол заманның реалистік суреті мен ақынның айналасындағы адамдардың нанымды психологиясы, рухани портреті беріледі.

Жүрегі таза адамдар,
Зұлымдықтан амандар.
Қиянатсыз надандар,
Әулиеден кем емес.

Шәкәрім қандай объектіні алмасын оны бір адамның басындағы кемшілік деп санамайды, оларға типтік сипат бере сомдайды. Өз өлеңдерінде ақын айналадағы құбылыстарды бақылаудан өткізе отырып, оны көркем кестемен, бояуымен көпке түсінікті етіп сипаттап береді.

Шәкәрім мұрасын тұтас қарағанда ақынның ұлы Абайды тамаша ұстаз тұтып, әрдайым одан үйреніп отырғанын жоғарыда атап өттік. Шәкәрім шығармашылығының негізі қазақ қоғамын қараңғылық пен надандықтан құтқарып, өнер-білімге тарту болды. Ақын творчествосындағы бағалы, аса көркем шығармаларымен нанымды ой-пікірлері осындай үлкен мақсатқа бағынған.

Шәкәрімнің туған халқының тағдырына деген алаңдаушылығы, перзенттік үміті, сергек сенімі мен биік оптимизмі байқалады. Оның өлеңдерінде өкінішпен өтіп бара жатқан халқын, жұртын оятуға шақыратын,

алға ұмтылуға үндейтін азаматтық үн мен әуен бар. Халық тағдыры – Шәкәрім жырындағы көкейтесті тақырып. Осы тұста ақынның реалистік лирикасының халықтық сипаты, оның кәдімгі қалыптан тыс өзіндік, ерекше сезім-жыр толғауы, болмысты әдеппен, шыншылдыпен суреттеуі, баяндап отыруы айқын көрінеді.

Қорыта келгенде, Шәкәрімнің азаматтық лирикасы, ондағы перзенттік үн – ақынның философиялық көзқарастарының жиынтығы болып есептеледі. Шәкәрімнің азаматтық тақырыпты толғайтын лирикасы – яғни ар мен адамгершілік турасындағы туындылары тек өз заманы үшін ғана емес, қазіргі және келешек ұрпақ үшін де, ар-ұждан тазалығы, мейірімділік пен қайырымдылық сияқты қасиеттерді тәрбиелейтін құрал болып табылады.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Шәкәрім - ұлы ақын. Оның ұлылығы өз дәуірінің, өз табының барлық дәстүріне, іс-әрекеттеріне көз жұмбай қарай бермейтіндігінде, оларға салиқалы оймен, философтарша, заман-дәуір талабы тұрғысынан қарайтындығында.

Біріншіден, ол басқалар көрмегенді, байқамағанды біліп сезуімен, екіншіден көрген-білгенін басқаша тұспал сөзбен, бірақ жұрт иланарлықтай шебер бейнелеп айта білуінде. Ақын қай сәтте болса да, жанды-жансыз дүниені өз түсінігімен, яғни адамға қатынасымен салыстырады, соған қарап бейне түзеді. Жаңалық іздерін, Абай поэзияларының таңбаларын Шәкәрім Құдайбердіұлының табиғат, өмір жайлы лирикасынан да айқын байқаймыз. Бұрынғы бар ой, идеяларды толықтыра, өзіндік мәнерімен жырлай отырып, ақын соны пікірлер айтады. Философиялық ой-қиялға берілу, өмірдің жеке фактілерін тізбелеу, сөйтіп одан белгілі бір жинақтау –түйіндеу жасау оның азаматтық лирикасының басты белгісі:

Дүние қу, бір ағын су,
Түстік ойда шөп болып.
Күнде ағамыз, сандаламыз,
Бейнетіміз көп болып.

Ақын көп өлеңдерінде өмірге материалистік көзқарасын танытады. Ол пікірлерін дәлелді суреттемелермен, бейнелі ой-жорамалдарымен бекітіп отырады. Әсіресе, ғылыми жаңалықтарды көп насихаттайды, өзі соның жұмбағын шешкісі келеді.

Шәкәрімнің табиғат, жаратылыс, дін туралы көзқарастарында да өзіндік жүйе бар. Ол «құдай бар, құран шын» деп түсінеді. Құдайға қарсы болмай, адал мұсылман болу – Шәкәрім үшін басты шарт. Оның дін саласында да өзіне де, өзгеге де қояр талабы осы:

Шын мұсылман болайын деп ойласаң,
Құдайға құл болудың мәнісін біл,- дейді

Шәкәрім Құдайбердіұлы – сөз өнерін, ақынның орнын жоғары бағалағандардың бірі. Бұрынғы қазақ өлеңдері көбіне онан-мұнан құрастырылған, тереңге бармай, үстірт, жалаң суретке, жалтылдаққа әуес болғанын ақын сынап отырады:

Қазақтың жайы белгілі,
Өлеңі өңкей құрама.
Байқадық қой ендігі,
Оны менен сұрама.

Абай дәстүрін мықты ұстанған ақын өлең мен жырға қоятын талабында да ұлы Абайға ұқсап бағады. «Құр айғай ән бе екен, құлаққа сән бе екен» деген жолдарды еске түсірсек, талап-тілек ұқсастығын, сонымен бірге өлеңнің сыртқы формасының да ұқсас келетінін байқаймыз.

Қорыта айтсақ, Шәкәрім өзінің дүниетанымы бойынша жеке адам мен қоғамның адамгершілігінің негізгі белгісі оның ар-ождан тазалығында деп түсінеді. Жоғарыда айтқанымыздай, Шәкәрімнің ар-ождан туралы ой-толғаулары уақыт елегінен өткен жоғары адамгершілік мәні бар халық даналығына сүйенеді. Әсіресе, ақын өз шығармаларында:

«Малым – жанымның садағасы,

Жаным – арымның садағасы» мақалын жиі қолданады және осы мақалды негізге ала отырып, замандастары бойындағы теріс әрекеттерді батыл сынады. Терең ойшыл Шәкәрім өзінің мүмкіндігі жеткенінше халық даналығының философиялық түсініктемесін беруге тырысады, яғни «ар-ождан дегеніміз не», «Жан» деген не және бұл екі философиялық категорияның арасында қандай өзара байланыс бар деген сұрақтарға жауап іздеген.

Қазақ мәдениетінің Абай тәрізді аса ірі қайраткерінің тәрбиесінде болу Шәкәрімді туған ел әдебиетінің арғы-бергі мұрасымен танысып қана қоймай, оның осындай ақындық талантының да ерте оянып, жедел қалыптасуына жағдай жасады.

Шәкәрім - нағыз реалистік поэзияның ақыны. Оның өлеңдері, әсіресе, азаматтық лирикасы қай жағыан болса да, шынайы өмір құбылыстарын қозғайды. Ең алдымен, адам, қоғам өміріне байланысты жайлар ақын поэзиясының негізгі өзегі болып табылады. Мұндай өлеңдерінде екіұштылық, дұдамалдық деген болмайды. Бірден әсер етіп, баурап алады.

Шәкәрім мұрасын тұтас қарағанда, ақынның ұлы Абайды ұстаз тұтып өткенін байқадық.

Қазақ поэзиясының тарихында Шәкәрім шығармаларының алатын орны үлкен. Ақын мұрасы жұртшылық қолына жеткелі – халқының қастерлі қазынасына айналып келеді.

Ақынның азаматтық лирикасын бітіру жұмысына объекті ете отырып, біз олардың қазіргі заман рухына да жақсы сәйкес келетінін аңғарғандаймыз. Ел бірлігі әр қашан да бірінші орында тұрған.

Біз өзіміздің бітіру-мамандық жұмысымызды орындау барысында мынадай тұжырымдарға келді:

1. Шәкәрім – ұлы ақын. Оның ұлылығын таныту үшін әрбір оқырман ақынның барлық әдеби мұрасын алдымен өзі толық та терең меңгеріп алуы шарт;

2. Шәкәрімнің азаматтық лирикасын толық түсіну үшін - әрбір оқушы ақынның философиялық көзқарастарымен таныс болуы, оны түсінуі шарт; Сондықтан да ақынның азаматтық тақырыптағы туындыларын тақырыбына, идеясына сәйкес ой жүгіртіп оқу бару керек.

3. Ақын шығармашылығында азаматтық лирикасымен қатар философиялық, махаббат, табиғат т.б. тақырыптағы өлеңдеріне де мән беру керек, себебі ақынның қайсы тақырыптағы шығармасын алмайық – одан Шәкәрімнің көзқарасы, азаматтық позициясы айқын сезіледі;

4. Ақынның лирикалық шығармалары, әсіресе азаматтық тақырыптағы өлеңдерін талдағанда, текстен ауытқымай, әрбір шумақта айтылатын ой-пікірге мұқият назар салу керектігі;

5.Шәкәрім поэзиясындағы әсіресе, оның азаматтық тақырыптағы туындылары ұстазы ұлы Абайдың осы тақырыптас өлеңдерімен үндес, сарындас келетінін ескеру, бірақ бұл Абайды қайталау емес, ұлы ақынның ой-пікірін соңғы заман, қоғам жаңалықтарымен байыту деп түсінген дұрыс;

Бітіру жұмысында негізінен ақынның азаматтық көзқарасын танытатын лирикасын негізгі нысан ете отырып, оның өзге тақырыптағы өлеңдеріне де тоқтап өттік. Жоғарыда айтқанымыздай ұлы ақынның ой-пікірі оның азаматтық кредосымен бір болды. Бір сөзбен айтқанда – «қазақты түзету, дұрыс жолға салу» сондықтан да ақынның эпикалық туындыларында да, мақалалары мен прозасында да оның азаматтық үні айқын байқалып отырады.

Қорыта айтқанда, қазақтың Абайдан соңғы ұлы ақыны, керемет ойшыл, философ, қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген Шәкәрім мұрасы, оның азаматтығын танытатын, қоғамдық мәселелерді айқын сөз ететін туындылары біздің заманымыз үшін де бағалы. Жас ұрпақтың көзін ашып, көңілін оятуға, еліне, халқына адал қызмет етуіне нақты жол көрсете алатын асыл жәдігерлік болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.

- 1.И. А.Каримов. Юксак маънавият – енгилмас куч. Тошкент. 2008 .
- 2.М.Базарбаев. Қәрікті ойдан – көркем сөз. Алматы.1997.
- 3.Ш.Елеукенов. Жаңа жолдан. Алматы. 1998.
- 4.М.Мағауин. Ғасырлар бедері. Алматы. 2000.
- 5.С.Қирабаев. Әдебиетіміздің ақтаңдақтары. Алматы. 1990.
- 6.Т.Ақшолақов. Көркем шығарманы талдау. Алматы.1989.
7. «Абай» журналы .2007. № 4. Қадыралина «Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының идеялық мазмұны» мақала
- 8.Ә.Дербисалин. Әдебиет туралы толғаныс. Алматы.1989.
9. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері.(жинақ) Алматы. 1987.
- 10.Қ.Мұхаметханов. Шаһкәрім.(кітапта «Шәкәрімтану мәселелері) Алматы.2007
- 11.Қирабаев т.б. Қазақ әдебиеті. 10-сыныпқа арналған оқулық.Алматы.2002
- 12.Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. Алғысөзін жазған проф.Х.Сүйіншәлиев. Алматы.1989.
13. Шәкәрім. Шығармалары. Алғысөзі – М.Мағауиндікі. Алматы.1988.
- 14.Шәкәрімтану. (Ғылыми мақалалар)Алматы 1998.

Мазмұны

Ә. Кіріспе	3
2. БІРІНШІ БӨЛІМ. ШӘКӘРІМНІҢ ӨМІРІ, ҚОҒАМДЫҚ, АҚЫНДЫҚ ҚЫЗМЕТІ	8
3. ЕКІНШІ БӨЛІМ	
Шәкәрімнің азаматтық лирикасы.....	19
4. Қорытынды.....	36
5. Пайдаланылған әдебиеттер.....	41